

**БЕКІТЕМІН**  
**«Қостанай облысы**  
**әкімдігінің мәдениет**  
**басқармасы» ММ**  
**басшысы**  
  
**Е. Қалмақов**  
**2019 жылғы «\_\_» наурыз**

**Нұржан Наушабаев атындағы I Республикалық «Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен...» дәстүрлі әндерін орындаушылар байқауының ережесі**

**Байқаудың мақсаты**

Қасиетті Ұлы Дала үнінен қуат алып, әсем әндерімен тыңдарман жұртына шуақ берген ұлы өнер иесі Нұржан Наушабаевтың шығармашылығы- ұлттық музыка өнеріндегі қайталанбас дара құбылыс. Осы киелі мұраны кеңінен, тереңінен насихаттап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, талантты жастарымызды өнердің кәусәр бұлағынан нәр алғызып, шеберлігін шыңдауға ықпал ету мақсатында «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы»ММ, «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы»КМҚК, Қостанай ауданы әкімдігінің «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, Нұржан Наушабаевтың 160 жылдығына орай Н.Наушабаев атындағы Республикалық I дәстүрлі әншілер байқауын өткізеді.

**Өткізілу мерзімі:**

2019 жылғы қазан айының 16-17 күндері Қостанай қаласында өтеді.

**Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар:**

Конкурсқа Қазақстан Республикасы облыстарының өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады (әр облыстан екі әнші).

Байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 18-35 жас.

Байқау жеке орындаушылар арасында өтеді.

Орындалатын шығарма 5 минуттан аспауы қажет.

**Байқау екі кезеңнен тұрады:**

**1-кезеңде (екі ән)** Н.Наушабаевтың бір шығармасы және өз таңдауы бойынша халық әні немесе халық композиторларының 1 әнін орындауы міндетті.

**2-кезеңде (екі ән)** орындалатын шығармалар үміткердің таңдауы бойынша халық әні немесе халық композиторларының әні болуы керек.

## **Байқаудағы қазылар құрамы мен құзыретті және ұйымдастырушы тараптың талаптары:**

Байқаудың қазылар алқасына еліміздегі музыка өнерінің қайраткерлері шақырылады.

Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді. Байқау барысында қазылар тарапынан әннің толық орындалуы немесе тоқтатылуы (үміткердің ән орындау әлеуеті белгілі болған жағдайда жартылай орындалу) мүмкін.

Қазылар алқасы барлық сыйлықтарды тағайындамауға, бір сыйлықты бөлуге құқылы.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Байқау лауреаттары қортынды Гала-концертте тегін, ақысыз түрде өнер көрсетуге міндетті. Гала концертке қатысушылардың құрамын және гала концертте орындайтын ән бағдарламасын ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы анықтап, бекітеді және бұлжытпай орындалуы талап етіледі.

### **Бағалау өлшемдері:**

- Шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- Орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, даусының кеңдігі;
- Сахна мәдениетін сақтай білуі.

### **Марапаттау жүлделері:**

- Бас жүлде (біреу);
- 1 орын (біреу);
- 2 орын (біреу);
- 3 орын (біреу);
- Көрермендер көзайымы.

### **Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру:**

Ұйымдастыру комитеті қатысушыларды байқау уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді.

Қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын жіберуші жақ төлейді. (Үміткердің ұстаздары, еріп келген кез-келген адам барлық шығындарын өздері көтереді).

### **Үміткерлердің тапсыратын құжаттары:**

- Өтініш (қатысушының репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс)
- Жеке куәлігі құжатының көшірмесі.
- Шығармашылық өмірбаяны.
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.

Конкурсқа қатысушылардың өтініштері **5 қазанға** дейін мына электронды мекен-жайға жіберілуі тиіс: [1@ocsnt.kz](mailto:1@ocsnt.kz) **[redacted]** (электронды хаттың тақырыбында міндетті түрде Республикалық дәстүрлі әншілер байқауына деп көрсетілуі керек). Мекен-жайы: Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі, 15 үй, тел.:8(7142) 392 393; 392 390; Факс: 8(7142) 392 395; 8 775 682 53 09